

## **"Қазақтелеком" акционерлік қоғамының филиалына-жобаларды басқару дирекциясына қоғамдық сервитут белгілеу туралы**

Шымкент қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 26 шілдедегі № 3914 қаулысы

Қазақстан Республикасының Жер Кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, заңды тұлғаның өтініші негізінде, Шымкент қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақтелеком" акционерлік қоғамының филиалы –жобаларды басқару дирекциясына Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, Шапырашты тұрғын үй алабы, Ақасық көшесі н/с мекенжайында орналасқан Шымкент қаласының білім басқармасының "№ 70 Сансызбай Бекбосынов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне "талшықты-оптикалық байланыс желісін жүргізу үшін" жалпы алаңы 0,0206 га жер учаскесіне меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алып қоймай 2027 жылдың 08 шілдесіне дейін сервитут белгіленсін.

2. "Шымкент қаласының сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Шымкент қаласы әкімінің бірінші орынбасары Қ.Асылловқа жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Шымкент қаласы әкімі*

*Ғ. Сыздықбеков*